



АРМАНДАР ОРЫНДАЛАТЫН ҚАЛА



Елбасының идеясымен Сарыарқа кіндігінде бой көтерген Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы бүгінде сәні мен салтанаты келіскен ғажап шаһарға айналды. Өйткені, Елорда заманауи сәулет өнерінің мүмкіндігі көрініс тапқан мекен. Жалпы, Астананы салудағы негізгі идея Батыстың ұтымдылығы, Шығыстың сыпайылығы, Еуропаның асқақтығы мен Азияның бірегейлігін үйлестіру болатын. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 21 ғасырдың қала салу өнерінің ең озық технологиясы мен жаңашылдық әдістері қолданылды. Бұл жерде әлемнің белгілі сәулетшілері өздерінің үздік деген жобаларын жүзеге асырды.

(Соңы 3-бетте)



БІРЛЕСТІКТЕР ЖАҒДАЙЫ
СЫН КӨТЕРМЕЙДІ

3-бет



АЛАШТЫҢ АЙТУЛЫ ҰЛЫ

8-бет

МІНБЕР



ҚОС ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ

Биыл еліміздегі қос палаталы кәсіби Парламенттің құрылғанына 25 жыл. Осы тарихи кезеңде 70 пайызға жаңарған жоғарғы заң шығарушы биліктің биылғы атқарған жұмысы қомақты. Пандемия қанша жерден кедергі тудырса да депутаттық корпус бір күн де жұмысын тоқтатпады. Еліміздің технологиялық жетістіктерін пайдаланып, белсенді еңбек етті. Барлық жиын, жұмыс топтары, комитеттердің кеңейтілген отырысы, жергілікті әрі халықаралық кездесулер көп жағдайда онлайн форматта іріктелісіз өтті. Бұл жөнінде Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында Мәжіліс спикері Нұрлан Нығматулин мәлімдеді. Мәжіліс жұмысындағы тағы бір жаңалық – бірнеше комитеттің төрағасы және хатшысы алғаш рет парламенттік оппозициядан сайланыпты.

(Соңы 5-бетте)

БАСТАМА

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ: ЖАҢА КОДЕКСТЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ, МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ДАМУЫМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАҢДЫҚ БАЗАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ДЕ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРДІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Яғни, ҚОҒАМЫМЫЗ АЛҒА БАСЫП, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒЫНАН ДАМУЫҢА САЙЫН ЗАҢДАР ДА ЗАМАН ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСІП, ЖЕТІЛЕ ТҮСЕТІНДІГІ ТАБИҒИ ЗАҢДЫЛЫҚ.

Қоғамдық қатынасты реттейтін заңдар ескіріп, орнына жаңадан заңдар қабылданып, кейбір заңдарға, нормативтік құқықтық актілерге, кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатады. Соның бір дәлелі, қазіргі уақытта еліміздің құқықтық кеңістігінде талқыланып, оны жүзеге асыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатқан, сот қызметіне тың серпін беретін тағы бір заң – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауарда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады», – дей келе, әкімшілік әділет құрылымын енгізу мәселесін көтерген болатын.

Осыған орай, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданды. Бұл заң биылғы жылдың 1 шілдесінен өз күшіне енді. Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, олардың қатынастарын реттейді. Қазіргі уақытта түсіндіру жұмысы жүргізілуде. Таразының бір жағында мемлекеттік орган болса, енді бір жағында жеке және заңды тұлғалар. Заңның басты ерекшелігі – жауапты тек мемлекеттік орган болады.

Жоғарғы Соттың ресми мәліметінше, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің күшіне енуіне байланысты елімізде 21 жаңа әкімшілік сот құрылды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс шеңберінде істерді қарайтын әкімшілік соттың атауы «Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша мамандандырылған аудандық сот» болып өзгерді.

(Соңы 2-бетте)

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚТАРҒА МЕМЛЕКЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ СТАТУСЫН БЕРУ КЕРЕК ПЕ?

Андрей ХАЗБУЛАТОВ, Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының бас директоры:

– ҚР Президенті Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында сөйлеген сөзінде шығармашылық әлеуеттің, креативті индустриялардың терең маңыздылығын және осы бағытта жұмыс істеу қажеттігін атап өтті. Қазақстандық шығармашылық одақтардың қазір қоғамдық ұйымдар болып табылатындығы және мемлекеттен көмек алуға құқығы жоқ екендігі де жағдайды ушықтыруда. Дамыған елдерде шығармашылық одақтар қауымдастық түрінде қоғамдық өмірге белсенді қатысуға және мемлекеттің саясатына ықпал етуге толық құқығы бар.

Қолданыстағы заңнама бойынша қоғамдық бірлестіктердің құқы бірдей. Мемлекеттік идеологияға қызмет ететін шығармашылық одақтарға онда ешқандай артықшылық берілмеген. Бұл туралы сарапшылар пікірі қандай?

Өмірбек ЖҰБАНИЯЗОВ, ҚР Суретшілер одағының төрағасы:

– Ұмытпасам қаңтардың 20-сында біз осы мәселеге байланысты Мәдениет және спорт министрлігімен меморандумға қол қойғанбыз. Бұл өте қажет. Себебі, біздегі шығармашылық одақтар кеңестік дәуірден қалған. Ол кезде мемлекет социалистік бағытта болды. Қазір нарықтық қарым-қатынасқа көшкендіктен бәрі өзгеше. Шығармашылық одақтардың жалпы саны жаңылмасам – 22 мың. Оның ішінде көлік жанашырлары да бар, ит ұстайтындар да бар. Сондықтан олардың арасынан шығармашылық одақтарды жеке шығарып, ерекше бір статус бергені дұрыс болар еді. Ол «Мәдениет туралы» заңға да, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңға өзгерістерді талап етіп тұр.

(Соңы 3-бетте)

БАСТАМА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа кодекс Әділет министрлігімен бірлесе отырып әзірленген. Қазіргі таңда заңнамалық құжаттың нормаларын түсіндіру бойынша судьялар оқытылып жатыр.

Жаңа кодекс енгізілген сәттен бастап қолданыстағы екі заң күшін жояды. Оның бірі – «Әкімшілік рәсімдер туралы» заң болса, екіншісі – «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте билік пен халық арасындағы дауды қараудың негізгі қағидаттары белгіленген.

Мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтар арасында даулы жағдайлар жиі туындайды. Іс сотқа жеткен кезде шешім көбіне мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлғаның пайдасына шешіліп жатады. Себебі, мемлекеттік органдардың қолында барлық ресурс бар. Ал қарапайым адамда ондай әлеует жоқ. Осы себептен мұндай дауларда қолында билігі бар мемлекеттік мекеме жеңіске жетеді. Ал биылғы шілде айынан бастап күшіне еніп отырған кодекс осы теңсіздікті жою мақсатын көздейді.

Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Кодекс құрылымы бойынша екі бөлікке бөлі-



Әсет ЕЛШІБАЕВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң және құжаттармен қамтамасыз ету департаментінің директоры

неді: бірі – рәсімдік бөлігі, екіншісі – сот ісін жүргізу бөлігі. Рәсімдік бөлік мемлекеттік органдардың рәсімдерін, соның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері мен әкімшілік актінің

қабылдануы мен шағымдалу тәртібін айқындаса, сот ісін жүргізу бөлігінде талап қою түрлері, істерді қарау тәртібі, сот шешімі, сот бақылауы секілді іс жүргізу тәртібі бекітілген.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады. Әкімшілік әділет институтының негізгі нысанасы жария-құқықтық қарым-қатынастар бойынша жасалатын даулар. Елімізде осы кезге дейін «Әкімшілік рәсімдер туралы» кодекс қолданылып келеді. Сонымен қатар осынша уақыт әкімшілік сот өндірісінің жеке тәртібі болмады. Жария-құқықтық даулар тараптардың теңқұқылығы жағдайында азаматтық процессуалдық ережелер бойынша қаралады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің азаматтық процестен айырмашылығы ретінде соттың белсенді рөлін айтуға болады. Осы кодекстің 16-бабына сәйкес, әкімшілік сот ісін

жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот алдағы уақытта әкімшілік процесске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қалмайды. Әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге құқылы. Бұл заң аясында судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар беріліп отыр. Яғни, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Тағы бір жаңашылдық – сот өз бастамасы немесе әкімшілік процесске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады. Сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

Кодекстегі маңызды жаңалықтардың бірі талап түрлерінің нақты айқындалуы деуге болады. Сотта әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Ұсынылып отырған өлшемдерге сәйкес олар дау айту, мәжбүрлеу, әрекетті

жасау, тану туралы талап қою болып төрт түрге бөлініп отыр. Бұл ретте азаматтық процесске қарағанда, талаптың ұйғарымдылығы, тексеру көлемі, оның іс бойынша өтуі талаптың нақты түрін таңдауға байланысты екенін ескеру керек.

Жаңа заңнама мемлекеттік органдарға дәлелдеу міндетін жүктей отырып, соттың процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін ақшалай өндіріп алуды қолдану құқығын белгілеген. Кодексте тараптарды ымыраға келтіру шараларын белсенді түрде қолдану да ұсынылған. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партиципативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Заң сот саласы үшін жаңа кадам, жаңа серпін болары сөзсіз.

МІНДЕТ

МИНИСТР АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА



Қазақстан Республикасының Әділет министрі Марат Бекетаев Ақмола облысында жаңадан ашылған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына келді.

Ақмола облыстық сотының төрағасы Досжан Әмір және Соттар әкімшісінің басшысы Данияр Сапарбек жаңа сотты министрге таныстырып, оның жабдықталуы мен жұмысқа дайындығын көрсетті.

2021 жылдың 1 шілдесінен Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты (Ақмола облысының МАӨС) жұмысын бастады. Жаңа сот азамат пен әкімшілік (мемлекеттік) орган ара-

сындағы жария-құқықтық дауларды қарайды. Ал Көкшетау қаласының мамандандырылған әкімшілік соты Көкшетау қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты деп аталады.

Кеше жаңа соттың ашылуына орай онлайн тәртібінде кеңейтілген отырыс өткізіліп, оған құқық қорғау және мемлекеттік орган басшылары қатысты. Шара барысында облыстық соттың төрағасы Досжан Әмір ҚР

Президентінің Жарлығымен тағайындалған Ақмола облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың төрағасы мен судьяларын таныстырды.

Президент Жарлығымен Ақмола облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметіне Найля Нұралиева тағайындалды. Бұған дейін ол Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметін атқарған. Сондай-ақ, Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы қызметіне Бауыржан Әлжанов, соттың судьялары болып Салтанат Бақытжанова, Ләззат Вазирова, Бақытжан Жарылғасов, Нұрлан Нұралиев, Гаухар Нұрманова, Бақытжан Рахманбердиев, Динара Үрімбаева тағайындалды.

Досжан Әмір тағайындалған төрағалар мен судьяларды қызметтеріне кірісуімен құттықтап, жұмыстарына табыс тілеп, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға тапсырма берді.

Бұдан кейін Ақмола облыстық сотының төрағасы сотты ашу салтанатын өткізіп, жаңа соттың жабдықталуы, сот отырысы залдары, судьялар мен сот кеңсесі қызметкерлерінің кабинеттерін көрсетіп шықты.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

ШАРА

СОТТАҒЫ СОНЫ РЕФОРМА

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының ашылуына арналған салтанатты іс-шараға судьялар, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, медиаторлар, адвокаттар қатысты. Соттың салтанатты түрде ашылу рәсімін Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов пен Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов өткізді.

Жаңа сот Қазақстан Республикасында Әкімшілік әділет енгізу шеңберінде Президент Жарлығымен құрылды. Сот қызметі жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен дауларын шешуге бағытталған және онда әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қаралмайды. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді 1 шілдеден бастап әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша мамандандырылған ауданаралық соттарда қаралады.

Шілде айынан азаматтар мен бизнестің әкімшілік органдармен дауларын шешу тәртібін реттейтін жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енді. Кодекс азаматтардың құқықтарын қорғауды сапалы жаңа деңгейге шығаруға бағытталған. Облыстық соттың төрағасы барлық қатысушыларды жаңа соттың ашылуымен құттықтап, оның қызметі, жаңа кодекстің ерекшеліктері мен міндеттері туралы қысқаша айтып өтті.

«Басты мақсат – мемлекеттік органдармен дауласу барысында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Бұл біздің еліміздің тәуелсіздік тарихында бұрын кездеспеген өте маңызды сот реформасы», – деп атап өтті Б.Жұмағұлов.

Облыс әкімі М.Досмұхамбетов азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған бұл реформаның маңыздылығына тоқталып, қатысушыларды жаңа соттың ашылуымен құттықтап, соттың жұмысына сәттілік тіледі.

Жаңа сот цифрландырудың барлық талаптарына сәйкес келеді, заманауи техникалық құрылғылармен жабдықталған, сот қызметкерлері мен келушілердің жайлылығы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Сот құрамы төрағадан және төрт судьядан тұрады.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

БІЛГЕН ЖӨН

ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жаңадан қолданысқа енгізілген ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) елімізде әкімшілік әділет институтын жандандыру, жария-құқықтық дауларды тиімді шешу мақсатын көздейді. Мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдері, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастар, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі осы Кодекспен реттеліп, әкімшілік сот төрелігіне азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғау міндеті жүктелген.

Аталған кодекс нормаларының ережелері бойынша талап арызды қараудың ерекшеліктері қандай десек, біріншіден, әкімшілік іс жүргізуді оларға теңестірілген ауданаралық және әкімшілік соттар жүргізеді. Елімізде Президент Жарлығымен мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды. Ал, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын

мамандандырылған әкімшілік соттар әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар болып өзгертілді. Жаңа соттарға білім-біліктері кәсіби тұрғыда жетілдірілген тәжірибелі судьялар жұмылдырылды. Екіншіден, аталған сотта даулар арнайы процессуалдық ережелер бойынша қаралады. Әкімшілік іс жүргізу барысында ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің ережелері, бірақ, ӘРПК-да қарастырылған ерекшеліктерімен бірге қолданылатын болады.

Жалпы, конституциялық қағидалармен қатар әкімшілік сот төрелігінің мүлдем жаңа қағидаттары енгізілді, мысалы, әкімшілік шешімді қолдану шектері, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды қолдануға тыйым салу, пропорционалдық, т.б. Бұл қағидалар азамат пен заңды тұлғаның құқықтары мен мүдделеріне, олардың мемлекеттік органдарға сенуі мен әділеттілік құқығына басымдық береді. Мәселен,

әкімшілік іс жүргізу шеңберінде тараптардың бірі мемлекеттік орган, өкілеттік берілген лауазымды адам, ал, екіншісі жеке немесе заңды тұлға. Қай жағынан алсақ та, екі тараптың тең жағдайда еместігі байқалады. Осы теңсіздікті жою үшін заңға соттың белсенді рөлінің принципі енгізілді. Басты ерекшелігі де осында, яғни, соттың әкімшілік процестерге белсенді қатысуы тараптар арасындағы тепе-теңдікті сақтап, олар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Әкімшілік процестің тағы бір ерекшелігі, дәлелдеу ауыртпалығының жауапкерге жүктелуінде. Әкімшілік орган өз іс-әрекетін дәлелдеуге міндетті. Талапкер сотқа берілген шағымға қарамастан, оның өз құқығының бұзылуы және оған келтірілген залал туралы білген уақытын ғана дәлелдейді. Талапкер сотқа талап арызбен жүгінер алдында әкімшілік қолайсыз актіні қабылдаған әкімшілік органның әрекеттеріне шешім қабылдаған органға

шағым беру арқылы жоғары тұрған органға шағымдануы керек екенін ескеру қажет. Үшіншіден, әкімшілік іс талап арыз негізінде қозғалады, яғни, талап қою арқылы іс сот өндірісіне қабылданады. Кодексте заңды салдардың пайда болуына байланысты талаптар төрт түрге бөлінеді, атап айтқанда, шағымдану, мәжбүрлеу, талап ету және тану туралы талаптар. Бұл ретте қарсы талап қоюдың мүмкін еместігі қарастырылған. Сот талқылауы басталар алдында судья істі мәні бойынша шешу және алдын ала тыңдауды тағайындау үшін қажетті шаралар қабылдап, бұйрықтар шығарады. Іс сотта ауызша да, жазбаша да қаралуы мүмкін, бірақ, бұл тараптардың келісімімен ғана жүзеге асады. Әкімшілік рәсімге қатысушылар әкімшілік істі қарау аяқталғанға дейін істің барлық құжаттарымен және материалдарымен таныс болуы тиіс. Сонымен қатар, кез келген әкімшілік акт тиісті түрде дәлелденуі, сондай-ақ, лауазымды адамның қорытындылары

нақты және заңды негіздерге негізделуі керек. Әкімшілік өндіріс барысында сот шешімдерінің орындалуына тікелей сот бақылауы белгіленеді. Сот шешімдерін орындамағаны үшін талап қоюшының талабы бойынша кез келген лауазымды адамға ақшалай айыппұл қолданылады.

Жалпы айтқанда, әкімшілік іс жүргізуде ең маңыздысы сотқа дейінгі іс жүргізу болып табылады. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жария-ұқықтық дауларды шешудің соттан тыс нысандарын дамытып, оларды мүмкіндігінше сотқа дейінгі сатыларда реттеуге, шағымданушылар құқықтарын тек сот арқылы ғана емес, бірінші кезекте құзыретті әкімшілік-құқықтық органдардың қорғауына бағытталған. Оның ерекшелігі де осында.

Светлана СУХАНОВА,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл үшін астана болғанға дейін бас жатқан Есілдің сол жағалауы өте қолайлы болды. Ешкім тұрмаған, шөп басқан аймақта жаңа астананың аспанмен астасқан ғимараттары тотыдайын түрленіп, бірінен соң бірі бой көтеріп жатты. Осылай ғарыштық жылдамдықпен салынған бас қала тек ірі құрылыс алаңы ғана емес, еліміздің түкпір-түкпіріндегі отандастарымыздың арман қаласына да айналды. Бұл қаланы жүздеген замандастар болашақтарын айқындайтын, мақсаттары орындалатын қала ретінде таныды. Расында да бүгін астана армандар орындалатын мекен. Қаншама отандастарымыз осы қаладан мәңгілік серігін кездестіріп, кәсібінің берекесін келтіріп, өмірінің мағынасын тапты. Бүгінде астананың тұрғындары мен аумағы 3 есеге өсіпті.

Елорда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының да драйверіне айналып отыр. Экономикалық сарапшылардың айтуынша, Нұр-Сұлтанда креативті экономиканы дамыту бойынша 3 мыңға жуық компания жұмыс істейді екен.



Жыл сайын бұл қалаға 50 мыңнан 100 мыңға дейін адам келіп кетеді. Оның

серпінді дамуы жекелеген аймақтар экономикасының өсіміне де тиімді

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАТЫН ҚАЛА

ықпал етуде. Атап айтқанда, Алматы, Шымкент қалалары мен облыс орталықтары – Атырау, Актау, Ақтөбе, Қызылорда қалаларының даму деңгейінен елордадағы тың идеялар мен бастамалардың лебі айқын сезіледі. Мұнай және газ кен орындарының ашылуы, экономиканың әр саласында жұмыс орындарының құрылуы, құрылыстың қарқынды әлеуеті ішкі мигранттарды көптеп тартып, экономиканың қарқын алып, халықтың жағдайын жақсартуға септігін тигізуде. 1994 жылы астананы ауыстырар кезде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жоғарғы Кеңес депутаттарының алдында Қазақстан жаңа астана арқылы тек жаңа қоғамдық-саяси ғана емес, ірі мәдени, және іскерлік орталығына ие болатынын айтқан еді. Расында да, Тұңғыш Президенттің осы сөзі шындыққа айналды. Қазақстанның астанасы сонымен қатар инновацияның, сауда

мен руханияттың, құқықтық бастамалардың орталығы ретінде қызмет етуде. Мәселен, Астанада халықаралық қаржы орталығы ретінде ағылшын құқына негізделген әлемдік сот төрелігі жүзеге асуда.

Астана бейбітшілік сүйіш, қонағын құдайындай сыйлайтын, әрдайым қашқанға пана, қиналғанға тіреу болатын қазақтың өзінің болмысы. Бас шаһарды әлемнің өзге қалаларынан ерекшелеп тұрған да халқымыздың табиғатына біткен осы меймандостық қасиеті. Олай болса, мың өліп, мың тірілген қазақтың өзі секілді Астана заманның ешбір желінде сынын бұзбай, керісінше жарқырап, жайнап, әлемге бейбітшілік нұрын шашып, жасай беретіні анық.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырда қабылданған №3 ҚР заңы бойынша бірлесу бостандығына құқық адам мен азаматтың аса маңызды және конституциялық құқықтарының бірі, оның іске асырылуы қоғам мүдделеріне сай келеді және мемлекеттің қорғауында болады. Қазақстанда саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады (2-бап). Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту, кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылым мен техниканы және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылыққа қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау; патриоттық, құқықтық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылып, жұмыс істейді (5-бап). Қоғамдық бірлестік Қазақстан азаматтарының кемінде он адамнан тұратын тобының бастамасы бойынша құрылады (10-бап). Заңның бұл талаптарын бойынша елдегі бүкіл ақын-жазушы, композитор, суретші, ғалым сияқты шығармашылық өкілдерінің құқы күзетші, аңшы, ит бағушы, етік тігуші, сағат жөндеуші, көше сыпырушы секілді өзге де кәсіп иелерінің қоғамдық бірлестіктерінің құқымен бірдей. Бұл жерде ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі материалдық және рухани байлықты жасаушылардың ерекшеліктері назардан тыс қалғанын шығармашылық иелері БАҚ арқылы айтудай-ақ айтып, жазудай-ақ жазып, көрсетіп жатыр. Түрлі деңгейдегі заң шығарушы органдардың сайлауы кезінде де бұл мәселе үміткерлер тарапынан жиі көтерілгенімен, оның аяғы сиыр құймышақтың кететініне халық та әбден үйренді. Сондықтан 23 маусымда Мәжілістің бір топ депутаты ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа депутаттық сауал жолдаған кезде оған елең еткендер аса көп болған жоқ. «Ақ жол» фракциясынан: Қ.Иса,

А.Перуашев, А.Әбілдаев, Е.Барлыбаев, Б.Дүйсенбинов, С.Ерубаев, Д.Еспаева, А.Жұмабаева, А.Линник, Е.Өмірғали, М.Раманқұлов, А.Сембинов және «Nur Otan» фракциясынан: Ә.Әбсеметова қол қойған бұл сауалда 3 маусымда ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитеті «Ұлттың жаңа болмысын қалыптастырудағы шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдардың рөлі» атты Парламент тарихында тұңғыш рет тек қана мемлекеттік тілде жиын өткізгені айтылды. Онда ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру үшін ең алдымен өз болмысымызды жат болмыстан қорғай білуіміз керектігі талқыланғаны сөз болып, жаһандану дәуірінде жат болмыстан қорғануда ақпараттық-рухани қауіпсіздіктің рөлі еске алынды.

– Рухани жаңғырудың негізі – ұлттық мүддемізді қорғайтын ұлттық болмысты қалыптастыратын ең алдымен ұлттың руханияты мен мәдениеті. Әдебиеті мен өнері! Білім мен ғылымы! Яғни, ұлттың зиялы қауымы біріккен шығармашылық одақтар. Көзіміз жеткендей, іс жүзінде мемлекеттің стратегиялық серіктесі және қоғамдағы ұлттық идеялардың қозғаушы күші болуға тиіс шығармашылық одақтар қазір қаржылық қиындықтардан шыға алмай, өз күндерін зорға көріп келе жатыр. Қандай елдің дамуында да, ең алдымен мәдениеттің маңызы зор! Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Англияның әйгілі премьері Черчилльге қаржы министрі ел бюджетін көрсетеді. Сонда ол «Мәдениеттің шығындары қайда?» деп сұрайды. «Қайдағы мәдениет соғыс кезінде?» депті министр. Сонда Черчилль: «Ал біз онда не үшін соғысып жатырмыз, егер мәдениетті қорғап қала алмасақ?» деген екен. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен былтыр Шығармашылық одақтарды қолдау қоры құрылған еді. Қазір бұл қордың жұмысы әлі жүрмей жатыр. Шығармашылық одақтар шырылдауда, қаржы жоқ деп, ал Мәдениет министрлігіндегі шығармашылық одақтарды қолдау үшін бюджеттен бөлінген 257

миллион теңге де игерілмей қалды. Себебі, шығармашылық одақтар құжаттары конкурстық талаптарға сәйкес келмеді дейді министрлік. Өздері күн көре алмай отырған шығармашылық одақтар осылай құдайдың өзі жіберіп тұрған өздеріне тиесілі сыбағасынан айырылып отыр. Мұны қазақ «Кедейдің аузы сүтке тигенде, мұрны қанайды» дейді. Мұндай, қаржылық қиын жағдайда, шығармашылық одақтар өз мүшелеріне қалай қолдау жасай алады? Негізінен, шығармашылық одақтардың қиын жағдайы оларды қаржыландыру

қорғауға рухани нәр беретін, ұлтшыл рухты ұрпақтар тәрбиелейтін жазушылар, композиторлар, суретшілер, театр, кино одақтары, яғни ұлттық тәрбиеге үйрететін одақтар мен ...ит үйрететін одақтардың рөлі бірдей. Мұндай, 22 мың ұйымның бәріне бір көзбен қарап отырғанда, бұл мәселе ешқашан шешілмейді. Сондықтан, ұлттық болмысымызды қалыптастыруда маңызы зор шығармашылық одақтардың рөлін арттыру үшін мемлекеттің стратегиялық серіктестігі ұғымын енгізу кезек күттірмес мәселе деп білеміз.

Сарапшы пікірі

Қазыбек ИСА, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:



– Қазақстанда қазір 22 мың бей үкіметтік ұйым болса, оның оншақтысы ғана шығармашылық одақтар. Жазушылар, композиторлар, суретшілер, театр және кино одақтары секілді. Олардың жағдайы қиын. Тұрақты қаржыландыру тетігі жоқ болғандықтан, бұл заңда да қарастырылмаған. Ұлттық тәрбие беретін одақтар мен ит үйрететін одақтардың мәртебесі бірдей. Мысалы, 2019 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев шығармашылықты қолдау қорын құруды тапсырды. Шығармашылық одақтарды қолдау қоры құрылғанымен әлі толық жұмыс істей алмай тұр. Қорға көмек ретінде 27 жобаны атқару үшін 2020 жылы 257 млн теңге бөлінген. Бірақ сол теңге игерілмей қалды. Себебі конкурс талаптарына шығармашылық одақтардың жіберген құжаттары сай емес дейді министрлік. Шығармашылық одақтар біз дұрыс жібердік дейді. Бұл айналып келгенде белгілі бір заңнамалық тетіктің жоқтығынан болды. Сондықтан шығармашылық одақтарға бейіндік емес ұйымдар ретінде үкіметтің стратегиялық серіктесі деген статус беру керек. Сонда олар өздерінің сыбағасын ала алады. Егер үкімет оны әлі сөз беретін болса «Ақ жол» партиясы Мәжілістегі заңнамалық бастамашы құқығымызды пайдаланып, өзіміз қолға аламыз. Заңға өзгеріс енгізу мәселесі бұрыннан да айтылып келе жатыр. Мен жазушы, журналиспін, мамандығым – суретші. Мақалалар жазам, барлық одақтардың жұмысы маған таныс. Бұған дейінгі депутаттар оны мен сияқты ішінен білмегендіктен және оған қажеттілігі болмағандықтан көтермеген шығар. Тіпті кейбіреуі шығармашылық одақтың не екенін де білмеуі мүмкін.

тетіктерінің заңнамалық тұрғыда тиімді жолға қойылмағандығынан болып отыр. Шығармашылық одақтардың мұны да, министрліктердің жырын да түсінуге болады. Өйткені, біздің заңымыз бойынша ұлттық мүддемізді

Биыл Тәуелсіздігіне 30 жыл толып жатқан елімізде, соғыс кезі емес, құдайға шүкір бейбіт кезеңде мәдениетіміз бен тілімізді сақтап қала алмасақ, біз не үшін отырмыз бұл жерде? Егер үкімет бұл мәселені жакын арада шешпей, сүй-

рете беретін болса, біз заңға өзгерістер енгізуді өз қолымызға аламыз. Біздің ұсыныстарымыз: 1. Шығармашылық одақтарды қаржыландыруды заңнамалық тұрғыдан шешу үшін оларға мемлекеттің стратегиялық серіктесі статусын беру керек; 2. Шығармашылық одақтардың мемлекетпен әріптестік қызметін жандандыру үшін мәдениет пен өнерді дамыту гранттарын тағайындау қажет; 3. Ұлттық болмысымызды жат болмыстан қорғау үшін ұлттық идеологиялық, ақпараттық-рухани қауіпсіздік тетіктерін жасауды шұғыл қолға алу керек» деді халық қалаулылары. Заң бойынша Ералы Лұқпанұлы олардың бұл сауалына 1 айдың ішінде жауап беруі керек. Ал өткен айдың соңында сессияны жауып, қыркүйекке дейін демалысқа кеткен заң шығарушы орган өкілдері енді бұл мәселені ұмытып кетуі де әбден мүмкін. Бұрын шығармашылық одақтар өз саласындағы мамандардың басын бір орталыққа біріктіріп, барлық мәселені кәсіби тұрғыдан көркемдік кеңестер арқылы шешіп келген еді. Тәуелсіздік жылдары заң бойынша «Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер істеріне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекет істеріне заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге жол берілмейді» дегенмен, мұндай кәсіби кеңестерді құзырлы министрліктер не өзі құрмады, не мұндай өкілдікті шығармашылық одақтарға да сеніп тапсырған жоқ. Нәтижесінде радио желілері мен телеарна эфирлерінің мәтін, мән-мағынасыз ән мен бейнебаяндар, өзге ұлт пен ұлыстың мәдениеті мен идеологиясын насихаттайтын түрлі бағдарламалар мен сериалдар жаулап алуда. Ал өз халқының сұранысын қанағаттандыру үшін кәсіби мамандарды және олардың шығармашылық одақтарын қолдаудың орнына, нарықты сылтауратып өз күнін өзі көр деп отырған заң шығарушы және атқарушы биліктің жауапкершілігін есіне салатын ешкім табылмай тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚТАРҒА МЕМЛЕКЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ СТАТУСЫН БЕРУ КЕРЕК ПЕ?

ОЙТАЛҚЫ



Андрей ХАЗБУЛАТОВ, Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының бас директоры:

– Бұл тұрғыда ЮНЕСКО-ның 1980 жылғы шығармашылық қызметкерлердің жағдайы туралы бастамасы қисынды және негізді. Онда осы ұйымға мүше мемлекеттер шығармашылық қызметті қазіргі қоғам өмірінің жаңа форматының негізі ретінде қарастыра отырып, адамдардың осы санатының мәртебесін арттырып, қорғауы керектігі атап өтілді. Менің ойымша, бүгінде шығармашылық одақтардың бағыты барлық жағынан, ең алдымен басқарушылық жағынан өзгеруі керек. Біріншіден, шығармашылық одақ – Қазақстанның креативті индустриясының нақты секторы мен негізі екенін нақты түсіну керек. Екіншіден, қарапайым тілмен айтқанда, шығармашылық идеялардан, жаңа өнімдер жасаудан және т.б. пайда табуға мүмкіндік беретін инновациялық орта құру қажет, яғни мәдениет пен менеджментті, өнер мен менеджментті біріктіру қажет. Үшіншіден, қандайда бір өңірде, қалада креативті кластер құру үшін одақтардың қызметіне инвесторларды, бизнесті кенінен тарту және мемлекеттік мәдени саясаттың басымдықтары шеңберінде әрбір одақ үшін жеке-жеке нысаналы мемлекеттік тапсырыстар/жобалар ұсыну қажет. Сонымен қатар, одақтарға мемлекеттік деңгейде жаңа мәртебе берілу керек. Бұл одақтарға елдің мәдени саясатына белсенді әрекет етуге мүмкіндік туғызады.

Өмірбек ЖҰБАНИЯЗОВ, ҚР Суретшілер одағының төрағасы:

– Себебі, олар мемлекеттің шығармашылық одақтарға тікелей көмектесуіне кедергі бол тұр. Қолданыстағы бұл заңдарға өзгерістер енгізіп, үкімет тарапынан шығармашылық одақтарға субсидия ма, дотация ма беріп тұра алатын жағдай жасалса дұрыс болары еді деп ойлаймын. Мәселен, қазіргі таңда кәсіби ұйым ретінде қарасақ көрме өткізу болсын және басқа болсын бас қосып, өз проблемаларымызды талқылау үшін Алматыда да, Нұр-Сұлтанда да арнайы көрме залы керек. Министрлік музейлер бұл жұмысты атқарып жатыр деп соларға сілтей салады. Ал музейдің бағыты, атқаратын шаруасы бөлек. Сосын оларда көрме өткізу үшін залға қаржы сұрайды. Қоғамдық ұйым оны қайдан көтерсін. Одақтың шамасы жетпегендіктен елімізде тәуелсіздік жылдары бірде бір жоғары деңгейдегі халықаралық фестиваль, бионали дегендер өткен жоқ, әлі күнге дейін олар бізге арман бол қалуда. Сосын республикалық мәртебесі бар қалаларда мемлекет қолдауымен заманауи суретшілердің музейі салынса, ол да артық болмас еді. ТМД елдерінің ішінде тек бізде ғана сурет академиясы жоқ. Алматыдағы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы болсын, Нұр-Сұлтандағы өнер университеті болсын және басқа да педагогикалық жоғары оқу орындары болсын ондағы көркемсурет өнері мамандарын дайындайтын кафедра, факультеттердің жағдайы жетім баланың халіндей. Оқу орындарының басшылары ешқашан суретші болмағасын суретшіге жағдайды ең соңынан жасайды. Сондықтан 3 маусымда Парламент Мәжілісі депутаттары алдында жасаған баяндамада жасаған ұсыныстың бірі орта мектепке сурет пәнін қайтару туралы болды. Бала әріп танымай тұрып, сөйлей алмай тұрып дүниетанымын суретпен білдіреді. Дамыған елдерде халықтың жағдайы суретшінің жағдайымен өлшенеді. Себебі, халық жақсы тұрса бейнелеу өнері туындыларын сатып алады, оған тапсырыс береді.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ОТБАСЫЛЫҚ СОТ

АЖЫРАСУДЫ АЗАЙТУДА
ЖОБАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Сот жүйесі ел Тәуелсіздігінің отыз жылдығында талай жаңа бастамалардың жаршысы болды. Қоғамның дамуына сай құрылымның да алға ұмтылуы, халықтың талабына сай болуға тырысуы құптарлық. Уақыт өзгерген сайын қоғамның сұранысы да, азаматтардың мәселелері де, соттарға түсетін даулар санаты да әралуан бола түсуде. Сондықтан соттың да жұмысқа серпін беретін жаңғыртуларға басымдық беруі орынды. Осы ретте 2018 жылдан бері Жоғарғы Соттың бастамасымен тәжірибеге енгізілген «Отбасылық сот» жобасының аз уақыт ішінде өзіне артылған сенім үдесінен шыға білгенін атап өткеніміз жөн.

Бұл жобаны жүзеге асыруға Жоғарғы Сот тарапынан аз күш жұмсалған жоқ. Ең алдымен отбасылық соттардың тиімділігі, артықшылығы, іске асыру механизмдері, жұмыс қорытындылары зерделенді. Әлемдегі үздік тәжірибелер сараланды. Біздің еліміз, өкінішке орай, әлем бойынша ажырасудан алдыңғы орындарда тұр. Бізде әрбір үшінші отбасы ажырасуды ойлайды. Сондықтан да мемлекет та-



рапынан әр отбасын сақтап қалу, дәстүрімізді, ұлтымызды ұлықтау, толық отбасының құндылығын арттыру мақсатында «Отбасылық сот» жобасы қолға алынды.

Өткен жылы республика бойынша неке бұзу туралы 78500 іс қаралып, аяқталған. Оның ішінде 56000 іс неке бұзу, 2200 іс отбасылық мүлікті бөлу бойынша, қаралған 56000 істің 12000-ы бітімгершілік рәсімімен аяқталған. 7000 іс тараптардың татуласып, арызын қайтарып алуына байланысты қараусыз қалдырылған. Алайда, 31370 іс бойынша кәмелетке толмаған балалары бар отбасылардың некесі бұзылған. Ал, Маңғыстау облысы бойынша өткен жылы неке бұзу туралы 2981 іс қаралып аяқталған. Оның ішінде 2089 іс неке бұзу, 91 іс мүлікті бөлу туралы. Өңірде бір жылда некесі бұзылған 1895 отбасының кәмелетке толмаған балалары бар.

«Отбасылық соттардың» міндеті – ажырасушылар санын азайту, некені сақтап қалуға басымдық беру, ерлі-зайыптылардың ажырасқан күннің өзінде екеуара сыйластығын үздірмеу. Мақсат – ата-анаға бала алдындағы міндеттеріне жауаптылықпен қарауды үйрету.

Жоба аясында сотқа некені бұзу туралы шағым түскеннен кейін екі тарап міндетті түрде медиатор, психологтан кеңес алуы шарт. Ажырасуға тәуекел еткендерге арнайы мамандар міндетті түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізуі тиіс. Олар отбасының маңызын, туыстық қарым-қатынасты бұзбаудың қажеттілігін, сондай-ақ бала алдындағы жауаптылықты ерлі-зайыптыларға барынша түсіндіреді. Некені сақтаудың мүмкіндіктерін толық қарайды. Мәселені анықтайды. Мысалы, ажырасу себебі күйеуінің ішімдік, есірткіге құмарлығы болса, наркологиялық орталық мамандарынан кеңес беріледі. Отбасындағы тыныштықтың бұзылуына тұрмыстың төмендігі, жұмыссыздық себеп болса, Жұмыспен қамту орталықтарына сұраныс жіберіліп, жұмыс табуына көмек көрсетіледі. Өзара құқықтық келіспеушіліктер орын алса, оған да заң тұрғысынан кеңес беріледі.

Сонымен бірге қазіргі әлеуметтік көмектерге ие болу, баспана алу секілді материалдық қажеттіліктер үшін де отбасының құнын түсіріп, құжат жүзінде ажырасатындар жиіледі. Сотқа түскен арыз-шағымдар арасында бұл жағдайларды да анықтап, азаматтарға шаңырақтың киесін, адамгершілік, ар алдындағы жауапкершілігін алдыңғы орынға қою туралы түсіндірме жүргізген дұрыс. Егер олардың ортақ балалары қылмыс жасау не басқа да жағдайға тап болса, ол толық емес отбасыдан шыққан бала болып тіркеледі.

Өкінішке орай, біздің қоғамда отбасылық психологтың рөлі өз деңгейіне бағаланбай келеді. Азаматтар олардың кеңесіне жүгінбейді. Егер қолды бір сілтемей, ашуды ақылға жеңдіріп, ажырасудан бұрын арнайы маман қызметіне жүгінсе, екеуінің арасындағы мәселе анықталар еді. Ал, «Отбасылық соттар» жобасында судьядан бастап, медиатор, психолог, педагогтардың ортақ міндеті – отбасын сақтауға негізделеді. Жоба бойынша отбасы-неке қатынастарынан туындайтын дау-дамайлар бір соттың айналасына шоғырландырылады. Бүгінде пилоттық жобадағы жаңа соттың маңызын, мәнін түсіндіру мақсатында толыққанды насихат жұмыстары жүргізілуде.

Отбасы мен отбасылық дәстүрлер барлық уақытта халқымыз үшін басты құндылық болып келді. Адамгершілік, мораль, әділдік, табандылық пен жауапкершілік сияқты адами қасиеттерге тәрбиелеу отбасынан бастау алады. Отбасы неғұрлым ынтымақты болса, мемлекет те соғұрлым нығая түседі.

Қазила САҒЫНДЫҚОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

ПАЙЫМ

«Еркек – үйдің егесі, әйел – үйдің шегесі» деп ата-бабамыз айтып кеткендей, отбасын сақтап отан болып кету негізінен әйел кісіге көп байланысты. Ер адамдарға қарағанда әйелдің үй жұмысын көп атқаратыны сөзсіз. Тамақ істеу, бала тәрбиелеу, кір жуу, үй тазалау жұмыстарының барлығы да негізінен әйелдердің еншісінде екені бәрімізге белгілі. Осыны көріп, біле тұра көп жағдайларда ер азаматтар әйеліне сыйластықпен, түсіністікпен қарамастан, ұрыс-жанжал, ұрып-соғу, күш көрсету арқылы отбасының берекесін кетіріп, некенің бұзылуына алып келетін жағдай-



ӘЙЕЛ – ШАҢЫРАҚТЫҢ
ШАМШЫРАҒЫ

лар соңғы жылдары көбейіп барады.

Некені бұзудың жалпы жиі кездесетін себептері – ішімдікке, құмар ойындарға салыну, ерлі-зайыптылардың әлеуметтік сұрақтарға (жұмыс, ақша, тұрғын үй) байланысты кикілжіңдері, некеге адал болмауы, тұрмыстық міндеттерді бөлісе алмау, мінез-құлықтың жараспауы. Статистикаға сүйенсек, біздің Қазығұрт аудандық сотында да некесі бұзылғандар саны артып келеді. Сотқа 2020 жылдың 12 айында 193 неке бұзу туралы талап арыз түскен болса, үстіміздегі жылдың 6 айында 112 талап арыз сотқа түскен. Оның ішінде 2011 жылы 126 отбасының некесін бұзу туралы шешім шыққан болса, 2012 жылдың 6 айында 66 шешім шыққан болатын.

Әрине өкінішті, дегенмен сот тарапынан тараптарды татуластыру, жарастыру амалдарын жүргізудің аркасында көптеген отбасыны сақтап қалуға мүмкіндік туған. Айталық, 2020 жылы 50 азаматтық іс тараптардың татула-суына байланысты тоқтатылған болса, 14 азаматтық іс қаралудан бас тартылған, 34 істе тараптар медиация тәртібімен татуласқан, 1 іс партисипативтік тәртіппен, 2 іс тараптардың жарасып кетуіне байланысты қараусыз қалдырылған, 2021 жылы 6 айда 85 арыз қаралып аяқталған болса, соның ішінде 66-сында сот шешімімен неке бұзылған, 17 азаматтық іс

тоқтатылған, 12-сі медиациялық тәртіппен жарасқан болса, 2 іс қараусыз қалдырылған.

Сотқа талап арыз бергенімен, артынан ойланған талапкерлердің 2020 жылы 10-ы өз арызын сотқа жеткізбей қайтарып алса, биыл тек 3 жұпты райынан қайтаруға мүмкіндік болды. Негізінен отбасын бұзуға талап арыз беретіндер жастар. Көбінесе ерлі-зайыптылардан 5 жыл ішінде ажырасуға әйелдер талап арыз беріп жатады.

Ажырасу санының көбеюі ата-анасыз немесе олардың бірінсіз қалған балалар санының өсуіне әкеледі. Сондықтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға және ең алдымен адамдардың ойлау жүйесін өзгертуге көп көңіл бөлінген жөн. Әйел барлық уақытта отбасының қорғаушысы, бала-шағасы мен үй тыныштығын сақтаушы болған. Отбасы дәстүрі мен нормаларының стилін қалыптастыратын да – әйел. Балалар үшін ең басты қорғаныш отбасы болуы тиіс, мұнда балалар өздеріне қажетті жылу, мейірім, ықыласты алады. Ұл баланы тәрбиелей отырып, біз жеке тұлғаны, ал қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейтініміз белгілі. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары.

Сонымен қатар, жастарға отбасы құндылығын ұғындырып, ажырасудың қасірет екендігін түсіндіру керек. Өйткені, оның салдарынан, ең алдымен, балалар

зардап шегеді. Бала тәрбиесі – тек ананың емес, әкенің де міндеті екенін ерекше атап айтқым келеді. Біз қыздардың сапалы білім алып, жақсы жұмысқа тұруы және тәуелсіз болуын жақтауымыз қажет. Біздің халқымыздың өз мәдениеті, өз дәстүрі мен салты бар. Қыздың жолы – қылдай, оны үзуге болмайды. Бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды. Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз.

Елімізде толық емес отбасылар көп. Соған орай әйелдер үшін икемді еңбек түрін қалыптастырып, үйде жұмыс жасауына жағдай туғызуымыз керек. Заң, мемлекет ханымдар жағында. Біз бұдан әрі де елімізде әйелдердің рөлі артуы үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет. Қазіргі замандағы қазақстандық әйел қызмет істеуге ұмтылуы керек, әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық басқару ісіне белсене араласқаны жөн, әсіресе, жергілікті өңірлерде. Олардың бизнес ашып, оны жүргізуіне де қолайлы жағдай жасаған абзал. Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы болатын, қазіргі таңда ол көрсеткіш кішкене төмендеді.

Ильяс ТОҒЫЗБАЕВ,
Қазығұрт аудандық
сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

АЙМАҚ

Қазақ хандығының астанасы болған, шешіреге толы шаһар енді Қазақстанның туризмін жаңа деңгейге көтермек. Түркістан қаласына облыс орталығы атауы берілуі, бұл шараның белсенді қолға алынуына ықпал етті. Қазіргі таңда ежелгі қала күн санап көркейіп келеді. Тарихы терең қаланы көруге меймандар да әуес. Туризмді дамытып, саяхатшыларға сапалы қызмет көрсету мақсатында үкімет бірнеше жобаны қолға алған болатын. Соның нәтижесінде Премьер-министр Асқар Маминнің 2019 жылғы 4 наурыздағы тапсырмасына және еліміздегі туристік саланы дамытудың 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға сәйкес туристер көп баратын облыстарда туристік полиция құрылды. Ішкі істер органын реформалау және Жол картасын іске асыру мақсатында Түркістан облыстық Полиция департаменті Көші-қон полициясы басқармасынан туристік полиция жасақталды.

Түркістан облыстық туристік полициясы облыс орталығындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Отырар ауданындағы Арыстан баб мавзолейінде туристерге қызмет көрсетіп келеді. Сондай-ақ, полицейлер шағын көлікпен және керекті құрал-жабдықтармен қамтылған. Сонымен қатар, әр объектіде модульдік түрдегі стационарлық бекеттер орналастырылып, жұмыс режимі бейнетіркегіш, планшетпен, радиолармен жабдықталған. Бұл саланың қызметкерлері қазақ, ағылшын, түрік және орыс тілдерін жетік меңгерген. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің және Түркістан қаласының тарихы туралы жақсы біледі.

ТҮРКІСТАН туризмнің орталығына
айналды

Сонымен қатар, тәртіп сақшылары киелі шаһарда шетел азаматтарының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етіп, оларды толғандырған кез келген сұрақ бойынша ақыл-кеңес береді. Келеңсіз жағдайлар орын алса дер кезінде көмек көрсетеді.

– Түркістандық туристік полиция қызметкерлері туристермен қарым-қатынас жасау үшін бірнеше тілді меңгерген. Тарихты біліп, туристердің туындаған мәселелерін шешу үшін өзге құрылымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, қызмет жасайды. Бұл саланың мақсаты – Қазақстан Республикасының халықаралық имиджін және туристік тартымдылығын арттыру, елімізге шетел азаматтарының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету. Елімізде Түркістан облысы мен Түркістан қаласы туристер көп келетін аймақтың бірі. Сондай-ақ, бұл көне шаһар туризммен қатар зиярат ету орталығының бірден бір мекені екендігі белгілі. Мұнда алыс-жақын шетелдерден қонақтар жиі келеді, – деді Түркістан қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Бауыржан Селтанов.

Түркістан қалалық туристік полициясының аға инспекторы Шыңғыс Ибраев бұл салада 2019 жылдан бері қызмет атқарып жүр. Ағылшын тілін де жақсы меңгерген.



– Біздің туристік аумақ 125 гектар жерді алып жатыр. Осы жерде орналасқан қаланың көрікті жерлерін көруге аптасына 25 мыңдай қонақ келеді. Сондай-ақ, біздің негізгі міндетіміз – өңірге келген қонақтарды қызықтырған сұрақтарға жауап беріп, түрлі ақпараттармен бөлісу және саяхатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, еліміздегі туризмді дамытып, халықаралық дәрежедегі беделін арттыру болып табылады. Электромобиль көлігімізге қызығушылық танытатындар да

көп. Бізбен бірге суретке де түседі. Біз де өз тарапымыздан оларға қолымыздан келгенше көмек беруге тырысамыз,

Тағы бір айта кететін жайт, туристерге қарсы жасалатын қылмыс пен құқық-бұзушылықтың алдын алып, заттары жоғалған жағдайда осы туристік полиция қызметкерлері тез арада көмек береді. Ал, отырарлық Асхат Шыңдалиевтің ішкі істер органдарында қызмет атқарып жүргеніне 9 жылдай уақыт болды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген Асхат шет елдерден

және еліміздің өзге өңірлерінен келген қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әрдайым дайын.

Осы салада қызмет атқарып жүрген инспектор Рахман Ниязбеков Арыстан баб кесенесінің маңында ауа жетпей жатқан азаматшаны байқап қалған. Тәртіп сақшысы еш ойланбастан көмекке ұмтылып, әжейге жасанды тыныс жасап өлімнен алып қалыпты.

– Арыстан баб кесенесіне шетелден және республикамыздың түкпір-түкпірінен зиярат етіп келетіндер көп. Баба кесенесіне туристік сапармен келген Израиль мемлекетінің азаматы Шымкент қаласына қайтар жолды білмей адасып қалған еді. Полиция майоры Мұхит Серікбаев, полиция капитаны Мұрат Төлегенов үшеуіміз шетел азаматынан мән-жайды анықтап, Шауілдір ауылындағы автобекетке алып келіп, Шымкент қаласына жүретін көлікке отырғызып жібердік, – дейді полиция аға лейтенанты Асхат Шыңдалиев.

Түркістан шаһары мен өңір тарихын жетік меңгерген мамандарға ел азаматтарымен қоса шетелдіктер де ризашылығын білдіріп отырады. Осылайша туристерге көрсеткен қызметіміз бүгінде шетелдік қонақтар мен ел тұрғындарының көңілінен шығып келеді.

Раушан НАРБЕК

МИҢБЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аяқталып отырған сессияда қос Палата депутаттарының қоржынында 104 заң жобасы болса, бүгінде олардың 63-і қабылданып, 58 заң жобасына Президент қол қойды. Тұтастай алғанда, депутаттық корпус Мемлекет басшысы айқындаған саяси реформаны заң жағынан қамтамасыз етті. Мәселен, еліміздің «Сайлау туралы» конституциялық заң жобасына түзетулер енгізіліп, онда Президенттің ұсынысы бойынша саяси партиялардың Мәжіліске өту шегі 7-ден 5 пайызға дейін төмендеді. Сайлауда берілетін барлық деңгейдегі бюллетеньдерге «Бәріне қарсымын» деген жаңадан жол енгізілді. Сонымен қатар ауылдың және ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауды қамтамасыз ететін тетік қосылды.

Осы сессияда жер мәселесіне қатысты маңызды заң жобасы қабылданды. Соның негізінде ауылшаруашылық мақсатындағы жерді жалға беру институты сақталып, жерді жеке меншікке беруді 5 жылға тоқтату мәселесі шешімін тапты. Түзетулер сонымен қатар «2021–2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңға да енгізіліп, соның негізінде әлеуметтік қолдау, денсаулық, білім, шағын және орта бизнес, еңбекпен

ҚОС ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ



қамту салаларына, инфрақұрылым, басқа да маңызды бағыттарды дамытуға қосымша қаражат бөлінді. Атап айтқанда, әлеуметтік саланы нығайтуға 374 млрд теңге бөлініп, 140 млрд теңге республикалық және жергілікті жолды жөндеуге, қайта қалпына келтіруге бағытталды. «Еңбекпен қамтудың жол картасы» аясында 100 млрд теңгеге жуық, ал «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын жүзеге асыруға 70 млрд теңге бөлінді. Ал коронавирус індетіне қарсы күреске байланысты бюджеттен 265 млрд теңге қарастырылған. Осы ретте Мәжіліс төрағасы бұл қаржының аз ақша еместігін, сондықтан Парламент барлық қаражатты мақсатқа сай тиімді пайдалануын қатаң бақылау жасағанын, алда да

солай бола беретінін ерекше атап өтті. Өйткені, бюджеттің әрбір тиыны сапалы, нәтижелі, тиімді жұмсалуды керек. Оны әрбір қазақстандық азамат білуі және сезуі қажет.

Бұл сессияда депутаттық корпус тарапынан заң шығаруға ынта да жоғары болғанға ұқсайды. Мәжіліс пен Сенат депутаттары қоғам өмірінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған 24 заң жобасына бастамашылық жасапты.

Оның 15-і қаралып, қабылданды. Олардың қатарында «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі» туралы конституциялық және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізуге қатысты заң жобасы бар. Нұрлан Зайроллаұлының айтуынша, қолданыстағы заңдарға өзгеріс енгізу биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енген сот жүйесіне өзгерістер қажет ететін жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің күшіне енуіне орай туындап отыр. Соның аясында Жоғарғы Сот судьяларына үміткер жандарға қойылатын талаптарға түзету енгізілмек. Жалпы, бұл реформалар сот жүйесіне жаңа білікті мамандарды жұмылдырып, әділ сот төрелігін қамтамасыз етуді көз-

дейді. Оның бәрі ең алдымен, халықтың сотқа деген сенімін нығайту үшін жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, депутаттар бастамасымен «Әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы», «Қашықтан жұмыс істеуді құқықтық реттеуді жетілдіру туралы» және «Инклюзивті білім беру мәселелері туралы» және тағы басқа да бірқатар маңызды заң жобалары әзірленді.

Өткен сессияда Парламент қабырғасында санитарлық-эпидемиологиялық шектеулерге қарамастан 3 үкімет сағаты, бір парламенттік тыңдау, 35 «дөнгелек үстел» және комитеттердің 8 көшпелі отырысы өтті. Мәжіліс депутаттары – 233, Сенат депутаттары – 45 депутаттық сауал жолдады. Парламент депутаттарына азаматтардан 6158 хат келіп түсіп, олар қолданыстағы заңнамаға сәйкес қаралды. Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин бірінші сессия кезеңінде Парламент Палаталары депутаттарының қатысуымен барлығы 170-ке жуық халықаралық іс-шара өткізілгенін атап өтті. Мәжіліс пен Сенат төрағаларының басқа елдердің өкілімен кездесуі халықаралық ынтымақтастық үшін зор маңызға ие болды.

Сессия барысында депутаттар 12

халықаралық парламенттік ұйым шеңберінде белсенді жұмыс істеп, жоспарлы түрде әлемнің 80-нен астам елінің Парламент өкілдерімен ынтымақтастықты дамытуды жалғастырды.

– Осы сессияда уақыт талабына сай жасалған жедел және нақты қадамдардың арқасында біз Елбасы мен Президенттің алға қойған міндеттерін сапалы заңмен қамтамасыз еттік. Заңдар ең алдымен, әрбір азаматты әлеуметтік жағынан қорғауға, елдің өзекті проблемасын шешуге, өмір сапасын арттыруға ықпал етті. Сонымен бірге, тиімді заңдардың арқасында елімізде саяси, экономикалық реформаларды одан әрі жалғастыруға заң жағынан тоқталды. Нұрлан Зайроллаұлының айтуынша, қазіргі таңда палата қарауында 35 заң жобасы бар.

Палата спикері келесі сессияда Палата депутаттарының алдында көптеген маңызды міндеттер тұрғанына тоқталды. Нұрлан Зайроллаұлының айтуынша, қазіргі таңда палата қарауында 35 заң жобасы бар.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

САЙЛАУ

Енді ауыл әкімдерін бұқара сайлайды. Біршама уақыт бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстандағы сайлау туралы» конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге қол қойған болатын. Осы заңның аясында күзде ауыл әкімдігіне үміткерлерді үлкен дода күтіп тұр. Бұрынғыдай «тағайындалмай», халықтың өз таңдауы арқылы билікке келетін әкімдер ауыл халқының тұрмыс-тіршілігін жақсартады деген сенім мол. Сондықтан жаңа өзгерістен ауыл халқы үлкен үмітті.

ӘКІМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Кеңес одағы кезінде «миллиардер ауыл» аталып, ауыл шаруашылығы өнімдерімен тұтас одақты асыраған елді мекендер қазір жоқ. Шалғайдағы халық екі қолға бір күрек іздеп қалаға ағылды. Нәтижесінде иесіз қалған талай ауыл жойылып, картадан сызылды. Ал мына өзгеріс ауылдың тамырына қан жүгіртіп, әкімдердің іскерлігін мен бәсекеге қабілеттілігін арттырса құба құп.

Заңға сәйкес, кандидаттың өзін-өзі ұсынуына мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, әкімдікке саяси партиялар өз қатарынан кандидатты ұсына алады. Сайлауға түскен үміткерлер 2 адамнан аспаған жағдайда аудан әкіміне де бір үміткерді ұсынуға мүмкіндік беріліп отыр. Үміткерлер жасы 25-тен кем болмауы керек. Аталған лауазымға біліктілігімен қатар жоғары білімді, мемлекеттік қызметшілерге сай жалпы талап қойылады. Үміткердің өзі мен зайыбы активтері мен міндеттемелері туралы сайлау комиссиясына декларация өткізуге міндетті. Ол декларацияны мемлекеттік кірістер комитеті бес күннің ішінде тексереді. Ауыл әкімдігіне үміткерлер тізімін аудандық сайлау комиссиясы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жолдайды. Өз тарапынан ҰҚК 30 күннің ішінде арнайы тексерудің нәтижесін сайлау комиссиясына жолдауға тиіс. Кандидаттар әкім болуы үшін бір реттік

минималды айлық төлем мөлшерінде жарна өткізеді. Алайда, жарна өткізу талабынан саяси партиялардан ұсынылған үміткерлер босатылған. Олар үшін жарнаны партия төлейді. Бюллетенге «Бәріне қарсымын» деген баған қосылды. Егер кандидаттар бірдей дауыс жинаса, аумақтық комиссия сайлауды қайтадан өткізу туралы шешім қабылдайды.

Рас, осы уақытқа дейін елімізде өтетін сайлаудың әділдігіне қатысты талай сын айтылды. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау жүйесіне де күмәнмен қараушылардың қарасы басым. Бір топ «бұл сайлау ауылдағы рушылдық пен жершілдікті өршітіп жібереді» десе, енді біреулер «Сайлау мәдениеті осылай қалыптасады, халық әділ сайлау ғана қоғамды дамытатынын түсіне бастайды, ауыл әкімдерін сайлау жүйесі дер кезінде жасалған оң қадам болды» деген ұстанымда.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елімізде 6454 ауыл ғана қалған. Жеті жыл ішінде 500-ге жуық ауыл жойылып кеткен. Сондықтан елді мекендер өмірін жандандыратын өзгеріс жасамасақ, қазақтың ауылсыз қалатын күні алыс емес секілді. Ал мына сайлау осы мәселені шешуге ықпал етеді деп күтілуде.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ардақ ҚАЙЫРЖАНҰЛЫ,
Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің ғылыми істер жөніндегі проректоры, тарих ғылымының кандидаты:

– Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған бұл өзгеріске үлкен үміт артып отырмыз. Бастама еліміздің саяси жүйесін одан әрі дамытуға және саяси бәсекелестікті күшейтуге айтарлықтай үлес қосары сөзсіз. Ең алдымен жергілікті жердегі басқарушы органдар бір-бірімен бәсекелестікті күшейтеді. Халықтың қолдауымен әкім болғандар ел көңілінен шығатын жұмыс атқаруға тырысары анық. Әрі тұрғындар да ауылдың жағдайын жақсы білетін, жаны ашитын тұлғаларды әкім етіп сайлауға тырысады. Рас, сайлауға күдіктен қарайтындар да бар. Бірақ қазір ауыл әкімдерін сайлау жүйесін барынша жетілдіріп, дауыс ұрлаудың болмауына аса қатты мән берілуде. Сондықтан бұл сайлау барынша әділ, таза өтеді деп сенемін, және қоғамымызға оң өзгеріс әкелетін бастама деп ойлаймын.

Әли БЕКТАЕВ,
Сенат депутаты, «Ауыл» халықтық-демократиялық, патриоттық партиясының төрағасы:
– Ауыл әкімдерін сайлау жүйесі ауылды дамытуға өзінің оң әсерін тигізеді деп сенемін. Ауданның әкімі емес, ауыл халқы қалап сол орынға отырғызғаннан кейін әкімдердің жауапкершілігі бұрынғыдан жоғары болады. Жауапкершілігі төмен адам ақшаны дұрыс иермей, сапалы жұмыс атқармай, айлық алуды ғана мақсат етеді. Ал жауапты жан мүмкіндікті пайдаланып, мәселелерді шешуге, халықтың үмітін ақтауға барын салады. Сондықтан бұл іс жауапкершілікті күшейтуімен маңызды. Ауыл әкімдерін сайлау механизмін қалыптастырып алсақ, тап сондай әдіспен аудан, облыс басыларын да сайлай беруге болады. Бұл саяси науқанды әділ әрі ашық өткізудің іргетасы іспеттес. Алдағы уақытта ауыл, аудан, облыс әкімдерінің 92 пайызы халықтың сайлауға арқылы ғана билік басына келе алады. Бұл үлкен жаңалық. Еліміздің осындай демократиялық жолды таңдауының өз көп нәрсені аңғартады. Әкімді таңдау – халықтың қалауы. Бұл жерде халық та өзі сайлаған азаматқа көмектесіп, ауыл мәселесін бірге шешуіне жол ашылады, азаматтар өз дауысының маңызын түсінеді. Біз де партия атынан кандидаттар ұсынбақпыз.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ЕКПЕ

ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАРҚЫНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Соңғы күндері еліміздегі эпидахуалдың нашарлап, жаңа «дельта» штамының таралуына байланысты қосымша дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына орай Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Батыс Қазақстан, Атырау және Қарағанды облыстары қызыл аймаққа енді. Осыған орай Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин әкімдерге вакциналау қарқынын арттыруды тапсырды.

«Санитарлық-эпидемиологиялық ахуал өзгеріп барады. Өңірлерде вирусты жұқтырған адамдардың саны өсуде. Ауруханалардағы орындардың жүкте-мелігі 27 пайыз, ал жансақтау бөлімінде 24 пайызды құрап отыр. Елордадан басқа «қызыл» аймаққа тағы төрт өңір кірді. «Сары» мен «жасыл» аймақта алты өңір. «Қызыл» аймақтардағы барлық өңірде шектеу шаралары қолданылып, мониторинг топтарының жұмысы күшейтілуі тиіс», – деді Үкімет басшысы. Асқар Мамин құзырлы органдарға резервтегі инфекциялық орындардың дайындығын пысықтап, дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың жеткілікті болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ вакцина салу мәселесін де назардан тыс қалдырмаған Премьер-Министр, әсіресе, қызмет көрсету, білім беру саласында міндетті вакциналау қажеттігін баса айтты. Сонымен қатар өңір басшыларына, әсіресе, вакциналау көрсеткіші төмен болып отырған Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне екпе салу қарқынын күшейтуге тапсырма берді.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой «дельта» штамының пайда болуын және оған қарсы вакциналардың тиімділігін зерттеуді ескере отырып, вакциналаудың елдегі эпидемиологиялық жағдайға оң әсерін тигізетінін атап өтті.

Оның айтуынша, соңғы аптада коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылар 39%-ға өскен. Республика бойынша 29 маусымдағы жұқпалы аурулар төсегі – 27% (7 125 төсек), реанимация төсегі – 24% (589 төсек). Бүгінгі таңда вакцинаның I компонентін 3,3 миллионға жуық адам салдырған. Шамамен 2 миллион адам II компонентті ектірген.

«Халықты вакциналау жалғасуда, шамамен 5,2 млн доза вакцина пайдаланылды, оның ішінде, 2021 жылғы 30 маусымдағы мәлімет бойынша, Қазақстанда I компонентпен 3 335 172 адам вакцина салдырды, II компонентпен 2 000 596 адам екпе алған», – деді Алексей Цой. Оның айтуынша, бүгінгі күні егу пункттерінде вакцина дозаларының саны жеткілікті: бірінші компоненттің шамамен 800 мың дозасы және екінші компоненттің 1,4 млн дозасы бар. Вакциналарды аймақтарға жеткізу жалғасуда.

ЕКПЕ АЛҒАН СТУДЕНТТЕРДІ НЕ КҮТІП ТҰР?

Халықты екпе алуға ынталандыру шаралары жалғасуда. Бұл жолы акцияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, М.Әуезов атындағы ОҚУ, М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті іліп әкетті. ҚР Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі таратқан мәліметке сәйкес, COVID–19 індетіне қарсы екпе алған студенттер жоғары оқу орындарының мүмкіндіктеріне байланысты оқуға, жатақхана-ларда тұруға жеңілдіктер алып, түрлі сыйлықтарға ие болады, сауықтыру шипажайларына тегін жолда-



малар, тегін тамақтану және қоғамдық көлікті пайдалану талондары қарастырылған, фитнес залдарына, бассейнге, театрға, кинотеатрға және концерттерге тегін бара алады. Сондай-ақ, вакцина алған студенттер үшін шет тілдері, компьютерлік сауаттылық және кәсіпкерлік дағдыларды дамытатын тегін курстарды ұйымдастыру да жоспарланып отыр.

Аталған жоғары оқу орындарының вакциналанған оқытушылары да назардан тыс қалмай, қосымша ақы немесе ақылы демалыс алады.

ASHYQ ЖОБАСЫН

2332 НЫСАН ҚОЛДАНАДЫ

Ashyq жобасы аясында жұмыс істеуге ниет білдірушілер саны күннен-күнге артып келеді. Алматы қаласы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Салтанат Лесбаеваның айтуынша, 4 маусым күні жобаға қосылған нысандардың саны 1700 болса, бүгінгі таңда оның саны 2332-ге жетті. Оның ішінде 186 СПА орталығы, 24 миллиард, 134 компьютерлік клубы, 23 кинотеатр мен филармония, 22 балалар орталығы, 3 темір жол вокзалы және 15 қонақ үй бар екен. Сондай-ақ, қазіргі таңда Ashyq жобасына қосылу әдісі айтарлықтай жеңілдетілген, электрондық сандық қолтаңба болса болғаны, өтініш бір күнде қаралады екен.

Мегополисте сканерлеу кезінде «қызыл» мәртебесі 670 тұрғында, ал «сары» мәртебесі 178 адамда бар екені расталған. Алматының 8 тұрғыны шектеу режимін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Бұдан басқа, коронавируc індетін жұқтыру мәртебесін Ashyq қосымшасымен қатар Aitu, Egov mobile қосымшалары және Kaspi мен Халық банк арқылы тексеруге болады. Бұл азаматтарға ыңғайлы болу үшін жасалған. Мәртебесін білу үшін ЖСН енгізу жеткілікті.

ЕРЕКШЕ БЕТПЕРДЕ

Мамандар тұрғындарды бетперде тағып, әлеуметтік арақатыстықты сақтауға, адамдар көп шоғырланған жерлерге бармауға шақырады.

Бетперде демекші, АҚШ-тың Массачусетс технологиялық институтының ғалымдары ерекше бетперде ойлап тауыпты. Ол маска таққан адамның коронавирустың жана түрін жұқтырған-жұқтырмағанын анықтай алады. Институт мамандары Гарвард университетінің әріптестерімен бірлесіп жасаған бетперденің алынбалы сезбегі (датчик) бар. Ол сезбекті зертхана қызметкерінің халатына немесе басқа да киімге тігуге болады. Сезбек бетпердені таққаннан кейін шамамен бір жарым сағат өткен соң нәтиже береді. Оның көрсеткіштерін айналадағы адамдарға көрінбейтіндей етіп қосуға болады.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

«Алаш» партиясының белсенді мүшелерінің бірі, 1905 жылы Орал қаласында өткен «Бес облыстың делегаттары» съезіне Ө.Бөкейханов, Ж.Сейдалин, М.Дулатов, Б.Қаратаевтармен бірге қатысқан, «Алаш» көсемі Әлихан Бөкейхановтың тапсыруымен алғашқы қазақ Конституциясының мәтінін жазған азамат – Барлыбек Сыртановтың қазақ мемлекеттігі мәселесіне қосқан үлесі өлшеусіз екендігі даусыз.

Барлыбектің білім алған жылдары Ресейде түрлі толқулар етек алған, орыс зиялыларының Санкт-Петербургте шоғырланған кезеңіне тап келеді. Веселовский, Жуковский, Розен, Березин сияқты белгілі ғалымдардың дәрісін тыңдап, терең біліммен сусындаған, сонымен қатар, 1886 жылғы жұмысшылар дүмпуі, 1887 жылғы студент Ветрованың зорлық-зомбылыққа қарсы өзін-өзі өртеуі мен III Александр патшаға қарсы А.Ульянов сынды революционерлердің бас көтеруіне байланысты бүкіл Ресейді камтыған толқулар Барлыбектің де саяси сауаттануына үлкен ықпал етті. Сонымен бірге, ойы озық ортада жүрген «Алатау баласының» (Б.Сыртановтың псевдонимдерінің бірі) Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Абдолла Теміров, Мәмбетәлі Сердалин сынды көзі ашық қазақ жастарымен қатар білім алып, Әлихан Бөкейханов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұхамеджан Сералин, Серәлі Лапин, Райымжан Мәрсекөв т.б. қазақ зиялыларымен қазақ елінің мемлекеттігі үшін қызмет ете бастаған кезеңі болатын. Бұл туралы сыртановтанушы Сәкен Өзбекұлы: «Сыртанов құрамына Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, М.Сердалин, А.Теміров кірген «Жерлестік» қоғамын ұйымдастырды. «Жерлестіктің» жиналыстарында қазақ халқының бүгіні мен болашағы жайлы, оның толғағы жеткен проблемалары туралы сөз болды. Петербург университетіндегі озық демократиялық және ғылыми дәстүрлер Б.Сыртановтың дүниетанымы мен өмірлік қағидаларын қалыптастырды» – деген.

Қысқарта айтқанда, Барлыбек Сыртанов қысқа ғұмырында халқы үшін қыруар қарекет еткен қайраткер. Аса сауатты, білімді азаматтың қай майданда да ерлікке пара-пар еңбегі өлшеусіз. Бұл жерде көп зерттеушілер тоқталмай өтпейтін Б.Сыртановтың замандасы, белгілі заңгер, қоғам қайраткері, ағартушы-демократ Бақытжан Қаратаевтың



Барлыбек Сыртановтың қазақ мемлекеттігіне қосқан үлесі ұшан теңіз. Жоғарыда сөз болған, қиналған бауырларына қол ұшын берген көмегі, қазақ жерін сақтап қалу, қазақ халқының дербес мемлекеттігін сақтап қалу мұратымен жариялаған публицистикалық мақалалары мен жоғары лауазымды шенеуніктерге жазған аса сауатты хаттары, мектеп ашып, денсаулығының нашарлауына қарамастан демі біткенше орыс тілі мен әдебиетінен қазақ балаларына сабақ беріп, Петербургтен алып келген екі мыңдай дүниежүзілік классикалық әдеби мұралар мен энциклопедияларын ел игілігіне айналдыруы — елім деген ердің қолынан ғана келетін ерлік іс.

сөздері. Ол – Санкт Петербург университетінің заң факультетін тәмамдап, 1890–1897 жылдары билік басындағы Сенат департаментінде қызмет етіп, 1907 жылы екінші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған білгір саясаткер Бақытжан Қаратаевтың Б.Сыртановқа жазған хаты: «...Один ты по-моему, заслужил расположение народа. Один ты имеешь право сказать, что работал за народ. Кто же больше. Все остальные – сытые подлещы на казенных жалованьях – лишь умеют зло завидовать и змеиным образом шипеть вокруг тех, кто работает, тогда как они сами пальцами не шевелят за народ!».

Осыған байланысты, тоқтала кетер тағы бір жайт, Барлыбектің базалық білімінің филологиялық шығыс тілдері бола тұра, заң, құқық, саясат, мемлекеттік құрылым, жер мәселелеріне қатысты сұңғыла сауаттылығы, юриспруденциялық ілімінің кемелдігі.

Реформатордың қазақ халқының өмірін жақсартуға арналған ресми баяндамалары, қызметтік хаттары мен «Алатау баласы», «С.Б.Алашинский» псевдонимдерімен сол кезеңдегі беделді деген баспасөздегі мақалалары өз зерттеушілерін күтіп тұрғандығы анық.

көрген мақалаларынан басқа да еңбектері бар. Бірақ жарияланбаған, қолжазба құйында көбейтілген...» – деген пікір айтты.

Барлыбектің адами болмысының көп сырын оның қайтыс болуынан кейінгі жарияланған қазанамалық мақалалардан кездестіруге болады. 1914 жылы 26 қарашада құрт ауруынан қаза болған қайраткерге байланысты сол жылдары баспасөз беттерінде бірнеше еске алған, көңіл айтқан мақалалар жарық көрген. «Айқапта» С.Гиясов есімді азамат: «Бұл кісі бір тәкәппар адамның баласы еді... Кішіпейіл, өршіл, сөйлескенде сөзін таза қазақ тілімен сөйлейтұғын, турашыл һәм діндөр бір адам еді. Бұл жақтағы елдің шаһбазы десе де болады. Салынған топырағың жеңіл, иманың саламат, ғәкбетін қайырлы қылып, артында бала-шағаларына көркем сабыр берсін» (С.Гиясов. «Айқап», 1914 №24) деп жазса, Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде Міржақып Дулатовтан Барлыбектің қайтыс болғандығы туралы хатын алып, «Барлыбекті ұмытпасқа» жазып отырғандығын айта келіп, оны 1890 жылдан білетінін, «жұртым» деп іске кіріскен, көп іс тындырған азаматтығын, 1910–1911 жылдары қазақ жері

АЛАШТЫҢ АЙТУЛЫ ҰЛЫ

Сонымен қатар, Хасен Оралтайдың: «Барлыбек Сыртанұлы... түрік тілінен мол мағлұматы бар жан-дардан еді. Жоғары білімді екендігіне қарамастан ұлты орыс болмауы себепті оған мамандығына сәйкес жұмыс берілмеді... Барлыбек Сыртанұлы «Алаш» партиясының белсенді мүшелерінің бірі болды. Сондықтан кейбір жұмыстарды үйлестіруі және орталық үкіметпен қарым-қатынаста болуы үшін ол 1911 жылы Петербургқа жіберіледі. Осыдан барып патшалық Ресей үкіметінің тарапынан қудаланады. Барлыбек Сыртанұлы 1913 жылдың ақпанынан шыға бастаған «Қазақ» газеті авторларының бірі болған. Оның осы газетте жарық

үшін қам қылам деп Петроградта бірнеше ай жатқандығын, «...1911 жылы жазғытұрым Петроградта тағы өстіп іс қылмақ болып, құшақтасып, сүйісіп айрылысқан едік, үш жылда бұндай болсақ ойда жоқ еді. Өлімнің ұйқысы емес іздегенім, ұйқы тыныш, ұмыту бер дегенім. Көкіректе ғұмырдың күші тұрып, іздеймін демалысты үзбегенін (Абай). Жылылықты, достықты тұрсын мақтап. Өнген-өскен жақсы деп емен ағаш, теңселіп, айтып тұрса ол шайқақтап (Лермонтов-Абай). Хош, қарағым, Бәке, қабырың осындай болсын!» – деп аяқтаған тықаласы жарық көреді (Ғалихан «Қазақ», 1914, № 90. 16 декабрь). Ал келесі жылы осы газетте Мұхамеджан Тынышбаевтың «Барлыбек Сыртанов» тақырыбымен көлемді мақаласы жарияланады.

Барлыбек Сыртановтың қазақ мемлекеттігіне қосқан үлесі ұшан теңіз. Жоғарыда сөз болған, қиналған бауырларына қол ұшын берген көмегі, қазақ жерін сақтап қалу, қазақ халқының дербес мемлекеттігін сақтап қалу мұратымен жариялаған публицистикалық мақалалары мен жоғары лауазымды шенеуніктерге жазған аса сауатты хаттары, мектеп ашып, денсаулығының нашарлауына қарамастан демі біткенше орыс тілі мен әдебиетінен қазақ балаларына сабақ беріп, Петербургтен алып келген екі мыңдай дүниежүзілік классикалық әдеби мұралар мен энциклопедияларын ел игілігіне айналдыруы — елім деген ердің қолынан ғана келетін ерлік іс.

Барлыбек Сыртановтың қазақ қоғамын жетілдіру мақсатындағы отырықшылық, егіншілік пен мал шаруашылығын тиімді үйлестіре білген, ауылдық жерлердегі тұрғындардың тұрмысын реттеуге арналған, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтай отырып, зиялылықтың элементтерін ұтымды кіріктіріп, елді мекендерді өркендетуге арналған, яғни «баланы ұл болсын, күз болсын оқытатын», «карта, басқа құмар ойындарын ойнамайтын», «бозбалалар, қарасақал, ақсақалдары намаз оқып, ораза ұстайтын», «байы зекет бермесе айыпты болатын» 50 ұй арасына арналған «Ынтымақ» ережесі – күні бүгін де қызға оқып-тоқитын құжат екендігі айғақ.

Ал, ең бастысы, Б.Сыртановтың 1903–1907 жылдары Ресей мен Қытай шекарасын бөлудегі, халық игілігіне жарату мақсатымен «Арасан», «Барлық-Арасан» емделу-демалыс орындарын ашудағы үлкен қажырлы еңбегінен бөлек, «Алаш» көсемі Әлихан Бөкейхановтың тапсыруымен 1911 жылы «Қазақ елінің уставын» жазған, қазақ мемлекетінің алғашқы Конституциясының авторы болып табылады. Әлбетте,

шағын мақалада Барлыбек Сыртановтың Конституцияның мән-маңызын толық ашуы мүмкін емес. Уставтың кіріспе сөзінен кейін, бірінші – қазақ елі республикасының жеке болуы турасында, екінші – адам баласының хұқы турасында, үшінші – қазақ жері турасында, төртінші – сот турасында деп аталатын төрт тараудан құралған. Құжат мәтінінің маңыздылығын кіріспеден де сезінесіз. «Қазақ елі көне ұлттардың бірі. Оның тарихының тамыры тереңге жайылған. Жеке ел болып өмір сүрді, елі, жерін қорғады. Ұрпақ жалғастырды, 7 миллионға жетті. Санымен Россияда үшінші орында. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында қалмақтардың күшті һәм көп әскеріне ауызбірлік жоқтығынан қарсы тұра алмады. Бірақ Ұш жүздің ақылды ұрпақтары бір байрақтың астына жиналуға уәде беріп, бас қосып, қалмақтарды күл-талқан жасады. Әбілхайыр хан асығыстық жасаумен Кіші жүздің қазақтарын Россияға бағындырты етті. Орыс патшасы жасалған шартты бұзып, қазақ жеріне бекіністер орнатты, жаулап алуды күшейтті, қара шекпенділерді қапталты, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алды. Байғұс казактар өз жеріне ие бола алмай отыр, һәм айдалаға құмға ығыстырылды. Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей бейбіт жолмен жерімізде Россия хұкметі өз қолындағы ел болу мақсатында, барлық елдермен достықта болу үшін жеке Қазақ елі республикасын құрамыз. Қазақ елі республикасында жоғарғы билік жүргізуді бүкіл қазақ жеріне басқа нәсілдердің өкілдері дауыс беру арқылы іске асырады. Сайланатындар елдің ең сүйікті, білімді, елі үшін жанын беретін адамдар. Өз алдына ел болуды көздеумен дүниеде өзін-өзі билеген нәсілдер сияқты жеке ел болу мақсатында һәм елді бақытты, теңдік, бостандық өміріне жеткізу үшін осы уставты кіргізеді».

Бұл сөздердің мәні де, маңызы да тәуелсіздік алып, көк байрағы көгінде желбіреген қазақ елі үшін күні бүгін де маңызын жойған жоқ. Еліміз халықаралық аренада нәтижелі жеңістерге жетіп, алдыңғы отыз мемлекеттің қатарына енуге күш салудамыз. Елбасымыз «патриотизм тақырыбына, оның ұрпақ тәрбиесіндегі мәні мен маңызына аса үлкен мән бере келіп, патриотизмнің кіндік қаның тамған жерге деген сүйіспеншіліктен, туған елдің тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүріне «айрықша іңкәрлікпен атсалуды» – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – деп атап көрсетті. Бұл жолда Алаш мұрасының алтын дінгектерінің бірі – Барлыбек Сыртановтың елінің егемендігі, қазақ ұлтының дербес мемлекеттілігі, жерінің тұтастығы, ұрпағының бақытты болашағы үшін жасаған қыруар еңбегін оқып-білу, бағалау аса маңызды.

Назым АЛИЕВА,
заңгер
Ләззат МАХАЙҚЫЗЫ,
әдебиеттанушы

ЖАҢА ҒИМАРАТ БОЙ КӨТЕРДІ

Алматы қалалық № 60 мектеп-гимназиясына «Жөндеу Құрылыс» компаниясы қосымша үш қабатты ғимаратты белгіленген мерзімінен бір ай бұрын салып берді.

Гимназияның сыртқы қабырғасы заманауи сапалы құрылыс материалдарымен көмкеріліпті. Шеберлікпен түзу тартылған ақшыл жолақ біртұтас қоңырқай түсті ашып, өзіндік



үйлесім тапқан. Аулаға ақ, қызыл түсті қалың тас ретімен қаланыпты. Еңселі ғимараттың

жаңа технология жетістіктеріне иек артқаны көрінеді. Сыныптары кең, терезеден түсетін жа-

рықты барынша пайдалану үшін көлемді электронды тақталар орнатылыпты. Паргалары мен шкафтарының ені, биіктігі жалпы формасы стандартқа сәйкес жасалыпты.

Негізі, қандай істе де жауапкершілік жоғары. Құрылысқа бұл екі есе міндет артады. Елге деген құрмет те сапалы қызмет көрсетуден басталады. ҚР-ның «Құрметті Құрылысшысы», «ҚҰРМЕТ ОРДЕНІ» иегері Жандулла Абдимуратов басқаратын «Жөндеу құрылыс» ЖШС құрылыс компаниясы бұл нарықта өздерінің бәсекеге қабілетті екендігін көрсетті.

Мамырдың соңғы күндерінде өзіміз куә болған кезекті жұмыс тәртібі кездесуіндегі тапсырыс берушінің ескертпелеріне құрылысшылар өзіндік пікірлерін қосып, ел игілігі үшін ортақ келісімге келіпті. Бұлда құрылыс компаниясының жұмысты жылдам, әрі сапалы бітіретін іскерлігін білдіреді.

Құрылыс нысанын бастау үшін берілетін сараптама қорытындысы кейде алты-тоғыз айға созылады. Оған жобаның құрылыс құжатты дайын нысанға республикалық бюджеттен қаражат бөлінгенше кезегін күтіп бір жылға таяу уақыт жатып қалатынын тағы қосыңыз. Сол уақытта құрылыс материалының құны еселеп

өседі. Бұл істе осындай кедергілерге тоқтамаған компания құрылыс жұмысын талапқа сай, әрі белгіленген уақытынан кешіктірмей тапсырып отыр. Бұл құрылысшылардың адал жұмысының нәтижесі. Әріне, дерекке дәйектеме келтірсек, құрылысшылар уақытпен санаспай инженерлік жүйедегі мол тәжірибесін жауапкершілікпен, сауаттылықпен әрі ұтқырлықпен ұйымдастыра білді. Биыл Алматыда мемлекеттік тапсырыс бойынша жаңадан 8 мектеп және 17 жапсарлас мектеп салынып, оқу орны тапшылығы 75% қысқарады.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жаннамет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Арсен Саттаров 8 705 808 14 31. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 8775733565 Талғатжан Мұхамәдиев 8 747 746 49 82.
Алматы облысы	
Ақтөбе облысы	
Жамбыл облысы	
Маңғыстау облысы	
Қызылорда облысы	
Түркістан облысы	
Шығыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №92 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31